

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
МИНИСТРЛІГІ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ



МИНИСТЕРСТВО  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ

2021 жылғы 22 мамырдағы № 22  
Нұр-Сұлтан қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

22 мая 2021 года № 22  
город Нур-Султан

**Кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq»  
жобасын енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID-19  
коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында  
**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

**1. Қазақстан Республикасының барлық өңірлеріне мынадай  
кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq» жобасын іске асыру таратылсын:**

- 1) йога орталықтарын қоса алғанда, фитнес-клубтары;
- 2) спа-орталықтары;
- 3) сауналар, бассейндер;
- 4) PlayStation клубтарын қоса алғанда, компьютерлік клубтар;
- 5) боулинг клубтары;
- 6) кинотеатрлар;
- 7) театрлар мен филармониялар;
- 8) асхана типіндегі объектілерді, стрит-фудтарды қоспағанда,  
қоғамдық тамақтану объектілері, жазғы алаңдар, фуд-корттар, банкет  
залдары;
- 9) облысаралық және қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар;
- 10) бильярд клубтары;
- 11) концерт залдары;
- 12) ерікті қатысушылар;
- 13) караоке;
- 14) көрмелер;
- 15) океанариум;
- 16) марафондар;
- 17) көрермендер қатысатын спорттық іс-шаралар;
- 18) Нұр-Сұлтан қаласының әуежайы;
- 19) Алматы қаласының әуежайы;
- 20) (2021 жылғы 31 мамырдан бастап) Шымкент және Түркістан  
қалаларының және (2021 жылғы 7 маусымнан бастап) Ақтау және Қостанай  
қалаларының әуежайлары;

21) лотерея клубтары және лотерея сататын өзге де орындар.

## **2. Қоса беріліп отырған:**

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес «Ashyq» жобасына жаңадан қатысушыларды қосу алгоритмі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес «Ashyq» жобасын енгізу және «сары/қызыл» мәртебесі бар келушілерді анықтау кезінде шаралар қабылдау алгоритмі;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Жосықсыз қатысушыларды «Ashyq» жобасынан шығару алгоритмі;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес «Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін шектеу өлшемшарттары бекітілсін.

## **3. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша) құзыретіне сәйкес шаралар қабылдасын және:**

1) осы қаулының 1 және 2-тармақтарына сәйкес кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq» жобасын енгізуді;

2) осы қаулының 1 және 2-тармақтарына сәйкес жобаны іске асыруға қатысатын кәсіпкерлік объектілерінің тізбесін айқындауды;

3) халықты, жеке және заңды тұлғаларды жобаға қатысатын кәсіпкерлік объектілеріне кіру үшін «Ashyq» мобильді қосымшасын, оның ішінде басқа да платформалар (мысалы, «Aitu» платформасындағы аналогы, сайт [www.ashyq.kz](http://www.ashyq.kz)) арқылы пайдалану қажеттігі туралы хабардар етуді;

4) тестілік режимде қатысатындарды және ерікті қатысушыларды қоса алғанда, «Ashyq» жобасына қатысушылар туралы ақпаратты әкімдіктердің сайтында орналастыруды;

5) зертханалардың COVID-19-ға ПТР-тестілеу нәтижелері бойынша зертханалық ақпараттық жүйелерге мәліметтерді уақтылы енгізуін және олардың Ұлттық сараптама орталығының Бірыңғай интеграцияланған порталына (ҰСО БИП) берілуін;

6) Call-орталықтарды ұйымдастыру арқылы халықты және кәсіпкерлерді оқыту бойынша техникалық қолдауды;

7) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде және осы қаулыда белгіленген талаптарды сақтамағаны үшін қолданыстағы заңнамада көзделген жауапкершілік туралы жобаға қатысушылардың назарына жеткізуді қамтамасыз етсін.

## **4. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, Көліктегі Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері:**

1) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес «Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін шектеу өлшемшарттарының сақталуын бақылауды;

2) қызмет түріне тыйым салынған және рұқсат беру құжаттары (эпидемиялық мәні жоғары объектінің сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды немесе эпидемиялық мәні елеусіз объектілер қызметінің басталғаны туралы хабарлама) жоқ объектілердің қатысуына жол бермеу мақсатында осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес өңірлік кәсіпкерлік палаталарында қарау сатысында «Ashyq» жобасына қатысушылардың өтінімдерін келісуді;

3) «Ashyq» жобасын ұйымдастыруға және енгізуге қойылатын талаптарды бұзу фактілері бойынша жобаға қатысушыларға қатысты және шектеу және карантиндік шараларды бұзуға жол берген адамдарға қатысты әкімшілік ықпал ету шараларын қолдануды қамтамасыз етсін.

**5. «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша):**

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес «Ashyq» жобасына қатысуға өтінімдерді қарауды және қатысушылардың тізімін әкімдіктерге жіберуді;

2) жобаға қатысушылардың арасында бұзушылықтардың алдын алуды жүргізуді қамтамасыз етсін.

**6. «Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік субъектілері шаралар қабылдасын және:**

1) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес «Ashyq» жобасын енгізуге және оған қатысуға қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз етсін.

**7. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері құзыретіне сәйкес шаралар қабылдауды және:**

1) осы қаулының 3-тармағының 1) - 7) тармақшаларына сәйкес кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq» жобасын енгізуді;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес «Ashyq» жобасын енгізуге және оған қатысуға қойылатын талаптардың бұзылуының профилактикасы жөніндегі мониторингтік топтардың жұмысының тиімділігін қамтамасыз етсін.

**8. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, көліктегі Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері осы қаулының 4-тармағының 1) – 3) тармақшаларына сәйкес шаралар қабылдасын.**

**9. «Кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq» мобильдік қосымшасын енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 18 қаулысының күші жойылды деп танылсын.**

**10. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.**

**11. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.**

**Қазақстан Республикасының  
Бас мемлекеттік**

санитариялық дәрігері

Е. Қиясов

Комитет санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан - Темірхан А.С.

Қазақстан Республикасының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігерінің  
2021 жылғы «22» мамырдағы  
№ 22 қаулысына  
1-қосымша

### **«Ashyq» жобасына жаңадан қатысушыларды қосу алгоритмі**

1. Барлық жаңадан қатысушылар үшін «Ashyq» жобасына қатысуға өтінімдер екі схеманың бірі бойынша беріледі. Осы қосымшаға 1-схемаға сәйкес – InfoKazakhstan.kz сайты арқылы.

2. Осы қосымшаға 2-схемаға сәйкес «Ashyq» жобасына қатысуға өтінімдер салалық қауымдастық арқылы беріледі.

3. Өтінім беруден бастап тізімді әкімдіктің сайтында орналастыруға дейінгі барлық процесс күнтізбелік 9 күннен аспауы тиіс.

4. «Ashyq» жобасына қатысудан бас тартуға мыналар:

- 1) объектінің ЭҚЖЖ кодына сәйкес келмеуі;
- 2) қайта басталмаған қызмет түрі;
- 3) рұқсат беру құжаттарының (санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды, қызметтің басталғаны туралы хабарлама) болмауы негіз болып табылады.

5. Мына субъектілер (объектілер) жобаның ерікті қатысушылары бола алады:


1) қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және COVID-19-дың таралуын барынша азайту үшін, қызметіне рұқсат берілген (мысалы, ЖОО, банктер, өнеркәсіптік кәсіпорындар, жеке медициналық орталықтар және басқалары);

2) оларға қатысты халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган немесе Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларымен бекітілген шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңіндегі қызметке қойылатын талаптар бар объектілер.

6. «Ashyq» жобасына ерікті қатысушыларға қатысты осы қаулыға 4-қосымшада көзделген жеңілдіктер қолданылмайды.


7. Сондай-ақ жобаға ерікті қатысушылар туралы ақпарат әкімдіктердің сайтында орналастырылады.

1-схема



Комитет санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан - Темірхан А.С.

2-схема  
(салалық қауымдастық арқылы берілетін өтінімдер үшін)



**Қысқартулар:**

СЭБК - Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігінің  
Санитариялық-эпидемиологиялық  
бақылау комитеті;  
ӨКП – «Атамекен» өңірлік  
кәсіпкерлер палатасы



Қазақстан Республикасының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігерінің  
2021 жылғы «22» мамырдағы  
№ 22 қаулысына  
2-қосымша

**«Ashyq» жобасын енгізу және «сары/қызыл» мәртебесі бар келушілерді анықтау кезінде шаралар қабылдау алгоритмі**

1. «Ashyq» жобасына енгізілген объектілерде кәсіпкерлік субъектісі келушілердің мәртебесін QR-код немесе ЖСН бойынша тексереді.

2. Кәсіпкерлік субъектісі объектіде «сары/қызыл» мәртебесі бар оқшаулануға жататын келушіні анықтаған кезде растайтын материалдарды («сары/қызыл» мәртебесі бар скриншот) ұсына отырып, мобильді байланыс, электрондық пошта, сондай-ақ басқа да қолжетімді тәсілдер арқылы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық департаменттеріне (бұдан әрі – СЭБК АД) факті туралы хабарлайды/хабарлама береді.

3. Жобаға қатысатын объектілерге келушілерді жіберу келушінің мәртебесін айқындау үшін келуші арнайы QR-кодты сканерлеп, объектіге кіреберісте көрсеткен жағдайда жүзеге асырылады:

- «жасыл» мәртебе – келуші деректер базасында COVID-19-ға теріс нәтижемен ПТР-тестілеуден өткен ретінде белгіленген;

- «көк» мәртебе – ПТР тестілеу нәтижесі жоқ, COVID-19-бен ауыратын науқаспен байланыста болған адам ретінде саналмайды;

- «сары» мәртебе – деректер базасында COVID-19-бен ауыратын науқаспен байланыста болған адам ретінде көрсетілген;

- «қызыл» мәртебе – базада COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесімен тіркелген, «ауру жұқтырған» - U 07.2 коды мәртебесі бар пациенттер.

4. Келушіде смартфон болмаған жағдайда кәсіпкерлік объектісінің қызметкері келушінің келісімімен оның мәртебесін ЖСН бойынша ақпараттық жүйеде тексереді.

5. Жобаға қатысатын кәсіпкерлік объектілеріне «сары/қызыл» мәртебесі бар келушілер жіберілмейді.

6. «Ashyq» жобасына қатысушылар «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулысымен бекітілген алгоритмдердің және осы қаулының талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

7. СЭБК АД-ы амбулаториялық-емханалық көмек ұйымымен бірлесіп кәсіпкерлік субъектісінен және/немесе жобаға қатысатын кәсіпкерлік объектілеріне кіру үшін, оның ішінде басқа да платформалар (мысалы, «Aitu» платформасындағы аналогы, сайт [www.ashyq.kz](http://www.ashyq.kz)) арқылы «Ashyq» мобильді қосымшасының ақпараттық жүйесінен (бұдан әрі – «Ashyq» жобасы) ақпарат алғаннан кейін оқшаулауға жататын жеке тұлғаның тұратын (болатын) жерін үй карантині кезінде, оның ішінде COVID-19-дың симптомсыз түрлерімен ауыратын пациенттерді қашықтықтан бақылауға арналған мобильді қосымша арқылы, сондай-ақ COVID-19 веб-қосымшасы арқылы анықтайды.

8. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 102-бабының 3-тармағына және 104-бабы 7-тармағының 6) және 7) тармақшаларына сәйкес «қызыл» немесе «сары» мәртебесі бар жеке тұлғаға беру фактісі тіркеле отырып, оған қатысты тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің оқшаулау (емдеу) қажеттілігі талаптарымен санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы қаулысы шығарылады.

9. Айналасындағылар үшін қауіпті болып табылатын ауруды жасырған жағдайда, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделген. Осы тармақтың күші «сары» мәртебесі бар адамдарға қолданылмайды.

10. Объектіге бару фактісі қайта анықталған кезде жеке тұлғаға қатысты әкімшілік сипаттағы шаралар қолданылады.

11. «Сары/қызыл» мәртебесі бар келушінің объектіге келу фактісі тіркелген кезде мәліметтер онлайн режимде СЭБК АД-на беріледі.

12. СЭБК АД іс-шараларды осы қосымшаның 7 және 8-тармақтарына сәйкес жүзеге асырады.

13. «Ashyq» жобасына қатысушылардың шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді бұзу белгілері анықталған жағдайда іс-шараларды Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2020 жылғы 7 желтоқсандағы хаттамасымен бекітілген шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді сақтау жөніндегі талаптарды бұзушылықтар анықталған кезде лауазымды адамдардың әкімшілік сипаттағы шараларды қолдану жөніндегі іс-қимыл алгоритміне сәйкес мониторингтік топтар жүзеге асырады.

14. «Сары» мәртебесі бар (немесе байланыста болған) адамдар COVID-19-ға оң нәтижесі бар адаммен байланыста болған күннен бастап күнтізбелік 14 күн өткен соң «көк» мәртебеге ауыстырылады.

15. СЭБК АД-ның бұйрығымен кәсіпкерлік объектілерімен және «Ashyq» жобасымен жедел өзара іс-қимылды үйлестіруге және қамтамасыз етуге жауапты лауазымды адамдар тағайындалады.

16. Келушінің объектіден (Check-out) шығуын тіркеу талап етілмейді.

17. COVID-19-ға ПТР-тестілеудің теріс нәтижелері бар байланыста болған адамдарда COVID-19-ға оң нәтижесі бар адаммен байланыста болған күннен бастап 14 күн өткенге дейін «сары» мәртебесі сақталады.

Комитет санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан - Темірхан А. С.

Қазақстан Республикасының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігерінің  
2021 жылғы «22» мамырдағы  
№ 22 қаулысына  
3-қосымша

### **Жосықсыз қатысушыларды «Ashyq» жобасынан шығару алгоритмі**

1. «Ashyq» жобасына қатысушыларды жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) мынадай негіздер бойынша:

1) мониторингтік топтың объектіде жобаға қатысуға қойылатын талаптардың бұзылуын растайтын фактілерді анықтауы;

2) объекті келушілерге 3 күннен артық check-in жүргізбеуі;

3) Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешімінің негізінде жобадан шығарады.

2. Қолданыстағы жұмыс алгоритмін бұзған қатысушы мониторингтік топтың нәтижесі бойынша жобаға 2 аптадан ерте орала алмайды.

3. Мониторингтік топтың нәтижесі бойынша жұмыс алгоритмін қайталап бұзған қатысушы жобаға 2 айдан ерте орала алмайды.

Комитет Санитарно-эпидемиологического контроля

Қазақстан Республикасының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігерінің  
2021 жылғы «22» мамырдағы  
№ 22 қаулысына  
4-қосымша

**«Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін  
шектеу өлшемшарттары**

| №  | Объектілер/салалар                                                                       | Қызыл аймақ                                                                                                                                                             | Сары аймақ                                                                                                                                                              | Жасыл аймақ                                                                                                                                                             |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Мейрамхана, дәмхана және кофехана типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда) | ✓<br>толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат                                                               | ✓<br>толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 60 орыннан асырмай сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат                                                               | ✓<br>толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 70 орыннан асырмай сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат                                                               |
|    | Жазғы алаңдар                                                                            | ✓<br>толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат                                                               | ✓<br>7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат                                                                                                                       | +                                                                                                                                                                       |
|    | Фуд-корттар                                                                              | ✓<br>толтырылуы 20%-ға дейін, бірақ 30 орыннан асырмай сағат 10.00-нан 22.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат                                                              | ✓<br>толтырылуы 20%-ға дейін, бірақ 30 орыннан асырмай сағат 10.00-нан 00.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат                                                              | ✓<br>толтырылуы 30%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 10.00-нан 00.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат                                                              |
|    | Банкет залдары**<br>(ас беруді өткізу үшін)                                              | ✓<br>бір адамға кемінде 4 ш. м., бірақ 30 адамнан аспайтын алаңмен қамтамасыз ету, 30%-дан асырмай толтырылған кезде сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат | ✓<br>бір адамға кемінде 4 ш. м., бірақ 50 адамнан аспайтын алаңмен қамтамасыз ету, 30%-дан асырмай толтырылған кезде сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат | ✓<br>бір адамға кемінде 4 ш. м., бірақ 70 адамнан аспайтын алаңмен қамтамасыз ету, 50%-дан асырмай толтырылған кезде сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат |
|    | Банкет залдары**<br>(мейрамханалар және дәмхана типі бойынша келушілерге қызмет көрсету) | ✓<br>толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат                                                               | ✓<br>толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 60 орыннан асырмай сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат                                                               | ✓<br>толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 70 орыннан асырмай сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат                                                               |
| 2. | Сауналар                                                                                 | +                                                                                                                                                                       | +                                                                                                                                                                       | +                                                                                                                                                                       |
| 3. | СПА-орталықтар                                                                           | +                                                                                                                                                                       | +                                                                                                                                                                       | +                                                                                                                                                                       |
| 4. | Бассейндер                                                                               | +                                                                                                                                                                       | +                                                                                                                                                                       | +                                                                                                                                                                       |

|     |                                                                                                        |                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                        |                                                                                                                   |
|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 5.  | Спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары және фитнес-орталықтар, йога-орталықтарды қоса алғанда | +                                                                                                                                                      | +                                                                                                                                                      | +                                                                                                                 |
| 6.  | Мәдениет объектілері (дайындық)                                                                        | ✓<br>30 адамға дейін, сондай-ақ екі компонентпен вакцинацияланған адамдар                                                                              | ✓<br>50 адамға дейін, сондай-ақ екі компонентпен вакцинацияланған адамдар                                                                              | ✓<br>100 адамға дейін, сондай-ақ екі компонентпен вакцинацияланған адамдар                                        |
| 7.  | Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар *                                               | ✓<br>30%-дан асырмай толтыру                                                                                                                           | ✓<br>40%-дан асырмай толтыру                                                                                                                           | ✓<br>50%-дан асырмай толтыру                                                                                      |
| 8.  | Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар                                                         | ✓<br>75%-дан асырмай, бірақ 15 адамнан артық емес толтырылған кезде                                                                                    | ✓<br>75%-дан асырмай, бірақ 25 адамнан артық емес толтырылған кезде                                                                                    | +                                                                                                                 |
| 9.  | Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар                                                             | ✓<br>75%-дан асырмай, бірақ 15 адамнан артық емес толтырылған кезде                                                                                    | ✓<br>75%-дан асырмай, бірақ 25 адамнан артық емес толтырылған кезде                                                                                    | +                                                                                                                 |
| 10. | Бильярд                                                                                                | ✓<br>сағат 12.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс режимімен 30%-дан артық емес толтырылған кезде                                                               | ✓<br>сағат 12.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс режимімен 50% - дан артық емес толтырылған кезде                                                             | ✓<br>50%-дан асырмай толтыру                                                                                      |
| 11. | Компьютерлік клубтар, PlayStation клубтарын қоса алғанда                                               | ✓<br>сағат 12.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс режимімен 30%-дан артық емес толтырылған кезде. Тек 16 жасқа толған және одан асқан адамдарға рұқсат етіледі | ✓<br>сағат 12.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс режимімен 50%-дан артық емес толтырылған кезде. Тек 16 жасқа толған және одан асқан адамдарға рұқсат етіледі | ✓<br>60%-дан асырмай толтыру                                                                                      |
| 12. | Боулинг                                                                                                | ✓<br>сағат 12.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс режимімен 30%-дан артық емес толтырылған кезде                                                               | ✓<br>сағат 12.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс режимімен 50%-дан артық емес толтырылған кезде                                                               | ✓<br>50%-дан асырмай толтыру                                                                                      |
| 13. | Караоке                                                                                                | ✓<br>50%-дан асырмай, бірақ 30 адамнан асырмай толтырған кезде сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат                                      | ✓<br>50%-дан асырмай, бірақ 50 адамнан асырмай толтырған кезде сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат                                      | ✓<br>50%-дан асырмай, бірақ 60 адамнан асырмай толтырған кезде сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат |
| 14. | Океанариум                                                                                             | ✓<br>Топтық экскурсияларға рұқсат беру (15 адамнан артық емес)                                                                                         | ✓<br>Топтық экскурсияларға рұқсат беру (15 адамнан артық емес)                                                                                         | ✓<br>Топтық экскурсияларға рұқсат беру (15 адамнан артық емес)                                                    |

|     |                                                                                  |                                                                                                                                          |                                                                                                                                          |                                                                                                                                          |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 15. | Көрмелер                                                                         | ✓<br>бір адамға 6 ш. м. кем емес, бірақ бір уақытта 150 келушіден аспайтын алаңмен қамтамасыз етілген, 70%-дан асырмай толтырылған кезде | ✓<br>бір адамға 6 ш. м. кем емес, бірақ бір уақытта 200 келушіден аспайтын алаңмен қамтамасыз етілген, 70%-дан асырмай толтырылған кезде | ✓<br>бір адамға 6 ш. м. кем емес, бірақ бір уақытта 250 келушіден аспайтын алаңмен қамтамасыз етілген, 70%-дан асырмай толтырылған кезде |
| 16. | Марафондар (ашық ауада)                                                          | ✓<br>30 адамнан артық емес                                                                                                               | ✓<br>50 адамнан артық емес                                                                                                               | ✓<br>100 адамнан артық емес                                                                                                              |
| 17. | Көрермендермен спорттық іс-шаралар                                               | ✓<br>20%-дан артық емес толтырылған кезде                                                                                                | ✓<br>30%-дан артық емес толтырылған кезде                                                                                                | ✓<br>50%-дан артық емес толтырылған кезде                                                                                                |
| 18. | Ерікті қатысушылар (ЖОО, киноиндустрия, банктер, ұйымдар, офистер және басқалар) | жеңілдіксіз                                                                                                                              | жеңілдіксіз                                                                                                                              | жеңілдіксіз                                                                                                                              |
| 19. | Лотерея клубтар және лотерея сататын өзге де орындары                            | ✓<br>бір адамға кемінде 4 ш.м.,бірақ 30 адамнан асырмай алаң қамтамасыз ету кезінде                                                      | ✓<br>бір адамға кемінде 4 ш.м.,бірақ 50 адамнан асырмай алаң қамтамасыз ету кезінде                                                      | ✓<br>бір адамға кемінде 4 ш.м.,бірақ 60 адамнан асырмай алаң қамтамасыз ету кезінде                                                      |

«+» - қызметіне рұқсат етілген;

«✓» - қызметіне ішінара рұқсат етілген (шектеулермен);

«-» - қызметіне тыйым салынған;

\* - толтыруға қойылатын талаптар ҚР БМСД-ның 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулысымен бекітілген объектілерге қойылатын талаптарда айқындалған.

\*\* - банкет залдары ас беруді өткізу үшін және мейрамханалар, дәмхана типі бойынша келушілерге қызмет көрсету үшін жұмыс істейді.

#### Согласовано

22.05.2021 14:02 Рахимжанова Марал Тлеулесовна

22.05.2021 14:03 Есмагамбетова Айжан Серикбаевна

22.05.2021 14:08 Тилесова Айгуль Шарапатовна

#### Подписано

22.05.2021 14:13 Киясов Ерлан Ансаганович

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
МИНИСТРЛІГІ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ



МИНИСТЕРСТВО  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

**ҚАУЛЫСЫ**

**2021 жылғы 22 мамырдағы № 22**

**Нұр-Сұлтан қаласы**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

**22 мая 2021 года № 22**

**город Нур-Султан**

**О внедрении проекта «Ashyq»  
на объектах предпринимательства**

В целях предупреждения распространения коронавирусной инфекции COVID-19 среди населения Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

**1. Масштабировать реализацию проекта «Ashyq» на все регионы Республики Казахстан, на объектах предпринимательства:**

- 1) фитнес-клубы, включая йога центры;
- 2) спа-центры;
- 3) сауны, бассейны;
- 4) компьютерные клубы, включая PlayStation клубы;
- 5) боулинг клубы;
- 6) кинотеатры;
- 7) театры и филармонии;
- 8) объекты общественного питания, летние площадки, фуд-корты, банкетные залы, за исключением объектов по типу столовых, стрит-фудов;
- 9) межобластные и городские нерегулярные (туристические) перевозки;
- 10) бильярдные клубы;
- 11) концертные залы;
- 12) добровольных участников;
- 13) караоке;
- 14) выставки;
- 15) океанариум;
- 16) марафоны;
- 17) спортивные мероприятия со зрителями;
- 18) аэропорт города Нур-Султан ;
- 19) аэропорт города Алматы;
- 20) аэропорт городов Шымкент и Туркестан (с 31 мая 2021 года), городов Актау и Костанай (с 7 июня 2021 года);



21) лотерейные клубы и иные точки реализации лотерей.

**2. Утвердить прилагаемые:**

1) Алгоритм включения новых участников в проект «Ashyq» согласно приложению 1 к настоящему постановлению;

2) Алгоритм внедрения проекта «Ashyq» и принятия мер при выявлении посетителей с «желтым/красным» статусом согласно приложению 2 к настоящему постановлению;

3) Алгоритм исключения недобросовестных участников из проекта «Ashyq» согласно приложению 3 к настоящему постановлению;

4) Критерии ограничения деятельности социально-экономических объектов, участвующих в проекте «Ashyq», согласно приложению 4 к настоящему постановлению.

